

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің Адам саудасына байланысты қылмыстың профилактикасы, алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі 2015 - 2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 23 қаулысы

Адам саудасына байланысты қылмыстың профилактикасы, алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету мен үйлестіру мақсатында, сондай-ақ «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің адам саудасына қарсы күрестегі ынтымақтастығының 2014 - 2018 жылдарға арналған бағдарламасы туралы» Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Мемлекет басшылары кеңесінің 2013 жылғы 25 қазандағы шешімін орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің Адам саудасына байланысты қылмыстың профилактикасы, алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі 2015 - 2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері бір ай мерзімде Адам саудасына байланысты қылмыстың профилактикасы, алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі 2015 - 2017 жылдарға арналған өңірлік жоспарларды әзірлесін және бекітсін.

3. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін орталық атқарушы және мемлекеттік органдар (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) Жоспардың іске асырылуын қамтамасыз етсін;

2) жыл сайын, 2016 жылғы 20 қаңтардан кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, 2017 - 2018 жылдардың 20 қаңтарынан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне Жоспарда көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы ақпарат берсін.

4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі 2016 жылы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі 2017 - 2018 жылдары жыл сайын, 10 ақпаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалуы туралы жиынтық ақпарат берсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 1 5

ж ы л ғ ы

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*К.Мәсімов*

Р е с п у б л и к а с ы

2 8

қ а ң т а р д а ғ ы

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің Адам саудасына байланысты қылмыстың профилактикасы, алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі 2015 - 2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары**

Р/с №	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орындау үшін жауаптылар	Орындау мерзімі	Болжанатын шығыстар (мың теңге)	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6	7
<b>1. Заңнаманы жетілдіру және үндестіру жөніндегі заң шығару жұмысы</b>						
1	Қазақстан Республикасының: 2005 жылғы 16 мамырдағы Адам саудасына қарсы іс-қимыл жасау туралы Еуропа Кеңесінің конвенциясына; 2007 жылғы 25 қазандағы Балаларды сексуалдық пайдаланудан және сексуалдық сипаттағы қол сұғушылықтан қорғау туралы Еуропа Кеңесінің конвенциясына; 2005 жылғы 25 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Адам саудасына, адам органдары мен тіндерін сатуға қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы келісімге қосылуының орындылығы туралы мәселе бойынша ұсыныстар әзірлеу *	ВАК - қа ұсыныстар	ІМ (жинақтау), Әділетмині, СІМ, БП (келісім бойынша), АҚК (келісім бойынша)	2015-2016 жылдар	талап етілмейді	-
2	Қазақстан Республикасының Еңбекші мигранттар туралы № 97 ХЕҰ-ның конвенциясына және Үй қызметшілері туралы № 189 ХЕҰ-ның конвенциясына қосылуының орындылығы туралы мәселе бойынша ұсыныстар әзірлеу **	ВАК - қа ұсыныстар	ДСӘДМ (жинақтау), Әділетмині, СІМ, БП (келісім бойынша), АҚК (келісім бойынша)	2015-2016 жылдар	талап етілмейді	-
3	Жәбірленушілерге адам саудасына байланысты қылмыстардан келтірілген	ВАК-қа ақпарат	БП (келісім бойынша)	2015 жыл		-

	зиянның орнын толтыру туралы мәселені заңнамалық деңгейде пысықтау **				талап етілмейді	
4	Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттарды беру/алу тәртібін жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыру **	ВАК-қа есеп	ДСӘДМ, ІІМ	жыл сайын	талап етілмейді	-
2. Адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі ұйымдастырушылық-практикалық іс-шаралар						
5	Адамдарды заңсыз әкетумен, әкелумен және олардың саудасына қарсы күрес мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның, сондай-ақ әкімдіктердің жанында жұмыс істейтін осыған ұқсас өңірлік комиссиялардың жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету **	ВАК отырысы	ІІМ (2014-2015 жылдар) ДСӘДМ (2016-2017 жылдар) Астана, Алматы қалаларының және облыстардың әкімдіктері (2015-2017 жылдар)	2015-2017 жылдар (жарты жылдықта кемінде бір рет)	талап етілмейді	-
6	Адам сатушылардың қылмыстық кірістерін анықтауда, бақылауда және тәркілеуде қаржылық мониторинг органдарының қатысу нәтижелеріне, сондай-ақ осы органдардың құзыретті құқық қорғау органдарымен осы жұмыста өзара іс-қимыл жасасуының тиімділігін арттыру жолдарына талдау жүргізу *	ІІМ-ге ақпарат	Қаржымині, ІІМ, БП (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша)	2015 жыл	талап етілмейді	-
	М ы н а л а р : 7.1 адам саудасына, адамның органдары мен тіндерін сатуға байланысты қылмыстарды анықтау, ашу және тергеу бойынша; 7.2 адам органдарының, тіндері мен жасушаларының трансшекаралық заңсыз айналымының, трансплантациялау практикасын регламенттейтін заңнаманы бұзудың алдын алу, жолын кесу, анықтау және тергеу бойынша; 7.3 шекара маңы ынтымақтастығы шеңберінде заңсыз көші-қон және адам саудасы арналарын жабу		І І М ІІМ, ҰҚК (келісім			

7	<p>бойынша ; 7.4 мақта алқаптарында, темекі плантациялары мен құрылыс нысандарында еңбек етуші заңсыз көшіп-қонушылардың мәжбүрлі еңбек етуін және балалардың еңбегін пайдалануды болдырмау бойынша ** ;</p> <p>7.5 қолдан жасалған паспорттарды, визаларды және өзге де құжаттарды заңсыз дайындауды және олардың айналымын анықтау , жолын кесу және тергеу бойынша ;</p> <p>7.6 адам сатушылардан қылмыстық жолмен алынған, оның ішінде мемлекеттік шекаралар арқылы өткізілетін кірістерді анықтау, бақылау, тәркілеу бойынша ;</p> <p>7.7 Интернет желісіндегі порнографиялық сайттарды анықтау және жою, Интернет желісінде порнографиялық сипаттағы порнографиялық материалдарды заңсыз дайындауға және олардың айналымына қатысы бар адамдардың құқыққа қарсы әрекетін анықтау, жолын кесу және тергеу бойынша бірлескен кешенді және/ немесе келісілген ведомствоаралық профилактикалық, жедел-ізвестіру іс-шаралары мен арнайы операциялар өткізу *</p>	ВАК-қа ақпарат	<p>бойынша), Қаржымині ПМ, ҰҚК ( келісім бойынша) ПМ, Астана, Алматы қалаларының және облыстардың әкімдіктері, ДСӘДМ, БҒМ, БП (келісім бойынша) ПМ, БП (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша) ІІМ , Қаржымині, ҰҚК (келісім бойынша) ПМ, ИДМ, БП (келісім бойынша)</p>	жыл сайын	талап етілмейді	-
8	Қазақстанның балаларын асырап алу саласындағы заңнаманың сақталуы бойынша тексерістер жүргізу *	ВАК-қа ақпарат	БҒМ, БП ( келісім бойынша), СІМ	жыл сайын	талап етілмейді	-
9	Адам саудасына қарсы іс-қимыл саласында уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау мәселелері бойынша қызметкерлерді бекіту *	бұйрық	БП (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша)	2015 жылдың бірінші жарты-жылдығы	талап етілмейді	-

10	Қылмыстық қудалау барысында сенімді дәлелдеме базасын құру мақсатында адам сатушылардың қылмыстық әрекеттерін тіркеудің жедел-ізвестіру әдістері мен техникалық құралдарын басымды пайдалану *	ВАК-қа ақпарат	ИМ, БП ( келісім бойынша)	жыл сайын	017 «Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыру» бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде (ИМ )	РБ
11	Адам сатушылардан қылмыстық кірістерін, оның ішінде мемлекеттік шекаралар арқылы өтетін кірістерін анықтауға, бақылауға және тәркілеуге бағытталған бірлескен кешенді және/немесе келісілген ведомстваралық профилактикалық, жедел-ізвестіру іс-шаралары мен арнайы операциялар өткізу тәжірибесімен алмасу мақсатында ТМД органдарының отырыстарына қатысу *	Т М Д органдарының жұмысына қатысу	ИМ, БП ( келісім бойынша), МҚІСҚА ( келісім бойынша), Қаржымині	( жыл сайын	005 «Шетелдік іссапарлар» бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде ( СИМ) және 001 « Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстық-атқару жүйесі, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы мемлекеттік саясатты айқындау және оның іске асырылуын ұйымдастыру жөніндегі қызметтер » бағдарламасы бойынша (ИМ)	РБ
12	Балаларды пайдалану, сондай-ақ оларды халықаралық құқық кәмелетке толмағандарды пайдалану ретінде саралайтын құқық бұзушылықтарды жасауға тарту фактілерін анықтауды, жолын кесуді және тергеуді жандандыруға бағытталған қ о с ы м ш а ұйымдастырушылық шаралар қабылдау *	ВАК-қа ақпарат	ИМ, БП ( келісім бойынша), БҒМ	жыл сайын	талап етілмейді	-
3. Адам саудасы құрабандарына көмек көрсету жөніндегі ұйымдастырушылық-практикалық іс-шаралар						
					2015-2017 жылдарға арналған жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат	

13	<p>Адам саудасы құрбандарына күнделікті көмекті нақты көрсететін коммерциялық емес (үкіметтік емес) қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік қаржылық және өзге де көмек, оның ішінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде көмек көрсетуді жалғастыру және осындай көмекті көрсету практикасын жетілдіру бойынша шаралар қабылдау *</p>	<p>Астана, Алматы қалаларының және облыстардың дағдарыс орталықтарының қызметі</p>	<p>Астана, Алматы қалаларының және облыстардың әкімдіктері</p>	<p>жыл сайын</p>	<p>шегінде Астана қаласының әкімдігі  2015 жылы - 3 000,0  2016 жылы - 3 000,0  2017 жылы - 3 000,0  Алматы қаласының әкімдігі  2015 жылы - 700,0  2016 жылы - 700,0  2017 жылы - 700,0  Ақмола облысының әкімдігі  2015 жылы - 1 785,7  Ақтөбе облысының әкімдігі  2015 жылы - 1 000,0  2016 жылы - 1 200,0  2017 жылы - 1 500,0  Алматы облысының әкімдігі  2015 жылы - 1 500,0  2016 жылы - 1 500,0  2017 жылы - 1 500,0  Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі  2015 жылы - 3 000,0  2016 жылы - 3 000,0  2017 жылы - 3 000,0  Жамбыл облысының әкімдігі  2015 жылы - 1 700,0  2016 жылы - 1 819,0  2017 жылы - 1 946,0  Батыс Қазақстан облысының әкімдігі  2015 жылы - 600,0  2016 жылы - 600,0  2017 жылы - 600,0  Қарағанды облысының әкімдігі  2015 жылы - 2 000, 0  2016 жылы - 2 000, 0  2017 жылы - 2 000, 0  Қызылорда облысының әкімдігі  2015 жылы - 7 319,0  Маңғыстау облысының әкімдігі  2015 жылы - 1 500, 0  Павлодар облысының әкімдігі  2015 жылы - 24 089,0  2016 жылы - 24 653,0  2017 жылы - 25 257,0</p>	<p>ЖБ</p>
----	--	--	--	------------------	---	-----------

14	Адам саудасы құрбандарына арнайы элеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын әзірлеу *	ДСӘДМ-нің бұйрығы	ДСӘДМ жинақтау) БҒМ, ПМ	(2015 -2016 жыл	талап етілмейді	-
15	Адам саудасы құрбандары жүгінген кезде оларға сапалы және қолжетімді медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруды қамтамасыз ету *	ВАК-қа ақпарат	Астана, Алматы қалаларының және облыстардың әкімдіктері	жыл сайын	талап етілмейді	-
16	Шетелде қалған адам саудасы құрбандарын анықтау, оларға уақтылы және тиісті көмек көрсету, олардың қауіпсіздігін, құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін, отанға жылдамырақ қайтуын қамтамасыз ету бойынша шетелдермен өзара іс-қимыл жасасу және тәжірибе алмасу жөніндегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінің жұмысын жалғастыру *	ВАК-қа ақпарат	СІМ	жыл сайын	010 «Қазақстан Республикасының мүддесін шетелде білдіру» бюджеттік бағдарламасымен көзделген қаражат шегінде	РБ
17	Құзыретті органдардың: адам саудасы құрбандарын қабылдау-тарату орындарына (арнайы қабылдау орны) орналастыру немесе оларға бостандықтан айырудың немесе шектеудің өзге де нысандарын қолдану; адам сатушыларда қылмыстық қудалауда құқық қорғау органдарымен ынтымақтасуға келісімін берген адам саудасының құрбандарын депортациялау фактілерін анықтау және жолын кесу практикасын жинақтау және жетілдіру *	ВАК-қа ақпарат	ІІМ	жыл сайын	талап етілмейді	-
18	Адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша «сенім телефондарының», «қызу	«сенім телефондарының», «қызу		жыл сайын	Норвегия Корольдігі сыртқы істер министрлігі қаржыландыратын «Орталық Азиядағы адам саудасы құрбандарының, осал мигранттардың, олардың отбасылары	-

	желілердің» жұмысын ұйымдастыру **	желілердің» жұмыс істеуі	ІІМ, мүдделі мемлекеттік органдар		мен қауымдарының мүмкіндіктерін арттыру» Халықаралық көші-қон ұйымы жобасының қаражаты есебінен	
4. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдарымен, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық						
19	ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің адам саудасына қарсы күрестегі ынтымақтастығының 2014 — 2018 жылдарға арналған бағдарламасының іске асырылуы туралы ТМД-ның Атқару комитеті үшін ақпарат дайындау *	ТМД-ның Атқару комитетіне ақпарат	ІІМ (жинақтау), БП (келісім бойынша), ДСӘДМ, мүдделі мемлекеттік органдар	жыл сайын	талап етілмейді	-
20	Адам саудасына қарсы іс-қимыл жасаумен байланысты ақпаратпен, сондай-ақ ТМД-ға қатысушы мемлекеттер құқық қорғау органдарының басшылары мен қызметкерлерінің жұмыс байланыстарымен алмасуды жүзеге асыру *	анықтамалық	ІІМ, МҚІСҚА (келісім бойынша), БП (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша)	2015 жыл	талап етілмейді	-
21	Адам саудасы құрбандарының өтініштерін қараудың уақтылығы мен заңдылығына, сондай-ақ оларды шыққан мемлекетіне ерікті және қауіпсіз түрде жіберу рәсімін орындаудың негіздемесі мен тәртібіне не мұндай адамдардың болатын жері, мерзімдері және жағдайлары туралы мәселенің өзгедей заңды шешімінің сақталуына бақылау жасауды жүзеге асыру **	тексерістер туралы есептер	БП (келісім бойынша), ІІМ, СІМ	жыл сайын	талап етілмейді	-
22	Адам саудасы құрбандарына көмек көрсететін халықаралық және үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастықты жалғастыру *	ВАК-қа ақпарат	ІІМ, ДСӘДМ, СІМ, МСМ, БҒМ, Әділетмині, АҚҰО (келісім бойынша), АҚК (келісім бойынша), ЖС (келісім	жыл сайын		-



			бойынша), БП (келісім бойынша)		талап етілмейді	
23	Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың балаларын оқыту практикасын жалғастыру **	БАҚ-қа есеп	БҒМ	жыл сайын	талап етілмейді	-
24	Шетел азаматтарына денсаулық сақтау органы белгілеген тәртіппен медициналық қызмет көрсетуді жалғастыру, сондай-ақ құжаттары жоқ еңбекші көшіп-қонушылар мен олардың отбасы мүшелеріне медициналық көмек көрсету мүмкіндігін қарастыру **	БАҚ-қа есеп	ДСӘДМ	жыл сайын	талап етілмейді	-
5. Адам саудасына қарсы іс-қимылдың ұйымдастырушылық-профилактикалық шаралары						
25	Осындай қызметтерге сұраныс тудыратын адам саудасына және балалар порнографиясына байланысты БАҚ-тағы және Интернеттегі жарнама хабарландыруларын және ақпараттық материалдарды мониторингтеу және құзыретті органдар арасында оларға қатысты ақпарат алмасу *	БАҚ-қа ақпарат	ИДМ, Астана, Алматы қалаларының және облыстардың әкімдіктері, ИМ, БП (келісім бойынша)	жыл сайын	талап етілмейді	-
	Балалардың сексуалдық, еңбек немесе криминалдық пайдаланудың ықтимал құрбандарына айналу мүмкіндігін жою мақсатында қиын өмір жағдайына тап		БҒМ, ДСӘДМ, Астана, Алматы		2015 — 2017 жылдарға арналған жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат шегінде Астана қаласының әкімдігі 2015 жылы - 3 000,0 2016 жылы - 3 000,0 2017 жылы - 3 000,0 Алматы қаласының әкімдігі 2015 жылы - 39378,0 2016 жылы - 39378,0 2017 жылы - 39378,0 Ақмола облысының әкімдігі 2015 жылы - 1 785,7 Алматы облысының әкімдігі	

26	болған балаларға уақтылы әлеуметтік және өзге де көмек көрсетуге бағытталған нақты профилактикалық шараларды іске асыруды жалғастыру*	профилактикалық шаралар	қалаларының және облыстардың әкімдіктері	жыл сайын	2015 жылы - 150,0 2016 жылы - 150,0 2017 жылы - 150,0 2015 жылы - 1 000,0 2016 жылы - 1 070,0 2017 жылы - 1 450,0 Қызылорда облысының әкімдігі 2015 жылы - 39488,0 Маңғыстау облысының әкімдігі 2015 жылы - 1 000,0 Павлодар облысының әкімдігі 2015 жылы — 101 122,0 2016 жылы- 101 706,0 2017 жылы- 104 703,0	ЖБ
27	Балаларды пайдаланудың әрқилы түрлері мен нысандарына тарту фактілерінің алдын алудың басым құралы ретінде кәмелетке толмағандардың құқықтарын сақтау туралы заңнаманың орындалуын прокурорлық қадағалау *	ВАҚ-қа ақпарат	БП	жыл сайын	талап етілмейді	-
28	Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуы бойынша мемлекеттік еңбек инспекторларының ұйымдарды жүйелі түрде мониторингтеуді және рейдтік тексерістерді жүзеге асыруы **	тексерістер нәтижелері, ВАҚ-қа есеп	Астана, Алматы қалаларының және облыстардың әкімдіктері, ДСӘДМ, ИМ	жыл сайын	талап етілмейді	-
29	Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының адам саудасына ықпал ететін шешімдерді қабылдауына және қызметті жүзеге асыруына қатыстылығы фактілері бойынша ақпарат, оның ішінде прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру барысында алынған ақпарат алмасу *	ВАҚ-қа ақпарат	ИМ, МҚІСҚА (келісім бойынша), БП (келісім бойынша), Қаржымині, ҰҚК (келісім бойынша)	жыл сайын	талап етілмейді	-
					2015-2017 жылдарға арналған жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат	

30	<p>Халықты адам саудасының ықтимал құрбандары болуының нақты қауіп-қатерлері, осындай фактілер бойынша өтініш білдіру орындарын көрсете отырып, осындай қауіптілікті болдырмау, сондай-ақ заңды тұлғалар жұмысқа орналастыру не туристік және өзге де қызметтер көрсету мақсатында шетелге жіберген азаматтардың өмірі мен денсаулығын міндетті түрде сақтандыру туралы ақпараттандыру *</p>	ақпараттық науқандар, флешмобтар	Астана, Алматы қалаларының және облыстардың әкімдіктері, ІІМ, ІДМ, СІМ	жыл сайын	<p>шегінде Астана қаласының әкімдігі 2015 жылы - 23 000,0 2016 жылы - 23 000,0 2017 жылы - 23 000,0 Алматы қаласының әкімдігі 2015 жылы - 1 800,0 2016 жылы - 1 800,0 2017 жылы - 1 800,0 Ақмола облысының әкімдігі 2015 жылы - 1 500, 0 Алматы облысының әкімдігі 2015 жылы - 1 000,0 2016 жылы - 1 000,0 2017 жылы - 1 000,0 Атырау облысының әкімдігі 2015 жылы - 400,0 Қарағанды облысының әкімдігі 2015 жылы - 10 8000, 0 2016 жылы - 10 800, 0 2017 жылы - 10 800, 0 Қызылорда облысының әкімдігі 2015 жылы - 500,0 Маңғыстау облысының әкімдігі 2015 жылы - 2 000,0 Павлодар облысының әкімдігі 2015 жылы - 270,0 2016 жылы — 270,0 2017 жылы - 270,0 US AID халықаралық даму жөніндегі АҚШ агенттігі қаржыландыратын «Адам саудасына қарсы іс-қимыл» Халықаралық көші-қон ұйымы жобасының қаражаты есебінен</p>	ЖБ
----	--	----------------------------------	--	-----------	---	----

6. Ақпараттық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету

	Адам саудасына қарсы күрес саласындағы, оның ішінде адам саудасы құрбандарына					
--	---	--	--	--	--	--

31	катысты репатриациямен, депортациямен және өзге де іс-әрекеттермен байланысты мемлекетаралық рәсімдерді жүзеге асыру практикасы және туындайтын проблемалар туралы ақпаратпен ұдайы алмасуды жалғастыру *	ВАҚ-қа ақпарат	ІІМ, БП (келісім бойынша), СІМ	жыл сайын	талап етілмейді	-
32	ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің құқық қорғау және сот органдарымен заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілермен, әдістемелік ұсынымдармен, статистикалық және өзге де ақпаратпен, сондай-ақ адам саудасына қарсы күрес саласындағы тергеу-сот практикасының нәтижелерімен алмасу *	ВАҚ-қа аппарат	ІІМ, ЖС (келісім бойынша), БП (келісім бойынша)	жыл сайын	талап етілмейді	-
33	Кешенді сипаттағы ғылыми зерттеулер, адам саудасына, мәжбүрлі еңбекке, балалар еңбегінің ең нашар нысандарына қарсы күрестің практикасы мен нәтижелеріне мониторинг жүргізу, осы қылмысқа қарсы іс-қимылды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу *	ғылыми құралдар, мақалалар, жарияланымдар	ІІМ-нің Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы және БП жанындағы С. Есқараев атындағы прокуратура органдары кадрларының біліктілігін арттыру институты	2015-2016 жылдар	021 «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мамандарын оқыту, біліктілігін арттыру және қайта даярлау» бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде Норвегия Корольдігі сыртқы істер министрлігі қаржыландыратын «Орталық Азиядағы адам саудасы құрбандарының, осал мигранттардың, олардың отбасылары мен қауымдарының мүмкіндіктерін арттыру» Халықаралық көші-қон ұйымы жобасының қаражаты есебінен	РБ
					«Адам саудасы мен тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына Қазақстан	

34	Адам құқықтары жөніндегі уәкілеттілермен, омбудсмендермен, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп, адам саудасына қарсы күрестің өзекті мәселелері бойынша ғылыми-практикалық семинарлар, дөңгелек үстелдер және тренингтер өткізу және оларға қатысу *	семинарлар, дөңгелек үстелдер, тренингтер	ПМ, ДСӨДМ, СІМ, ИДМ, БҒМ, Қаржмині, Әділетмині, АҚҰО (келісім бойынша), ЖС (келісім бойынша), БП (келісім бойынша) ҰҚК (келісім бойынша)	жыл сайын	Республикасындағы арнайы әлеуметтік қызметтерге қол жетімділікті қамтамасыз ету» Астана қаласындағы ЕҚЫҰ Орталығы жобасының қаражаты есебінен Халықаралық көші-қон ұйымының даму қоры қаржыландыратын «Қазақстандағы адам саудасына қарсы күрес бойынша арнайы баяндама» Халықаралық көші-қон ұйымы жобасының қаражаты есебінен	
7. Кадрлық қамтамасыз ету						
35	«Беларусь Республикасы ПМ Академиясы» білім беру мекемесі көші-қон және адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы кадрларды даярлау, біліктілігін арттыру, қайта даярлау жөніндегі халықаралық оқу орталығының базасында, сондай-ақ консультациялар және адам саудасына қарсы күрес жөніндегі мамандандырылған бөлімшелерде тағылымдамалардан өту арқылы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін даярлауда, біліктілігін арттыруда, қайта даярлауда ынтымақтасу *	біліктілікті арттыру курстары	ПМ	жыл сайын	Астана қаласындағы АҚШ Елшілігі қаржыландыратын «Адам саудасының құрбандарын идентификациялауды және қайта жіберуді жақсарту» Халықаралық көші-қон ұйымы жобасының қаражаты есебінен	
36	Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Қазақстан Республикасы Сот төрелігі институтының базасында адам саудасына, мәжбүрлі еңбекке, балалар еңбегінің ең нашар нысандарына байланысты қылмыстар бойынша қылмыстық істерді	оқыту курстары, семинарлар, тренингтер	МҚІСҚА (келісім бойынша), ЖС (келісім бойынша)	2015-2017 жылдар	004 «Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру» бағдарламасы бойынша көзделген	РБ

	сотта талқылау әдістемесіне ұдайы және жүйелі түрде оқытуды енгізу арқылы қашықтан оқыту нысанында судьялардың біліктілігін арттыруды жалғастыру *				қаражат шегінде (МҚІСҚА)	
37	Адам саудасына, мәжбүрлі еңбекке, балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне байланысты қылмыстар бойынша қылмыстық істер жөніндегі қадағалау және сотта мемлекеттік айыптауды қолдауды жүзеге асыруға тұрақты және жүйелі оқытуды енгізу арқылы прокуратура органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды жалғастыру (халықаралық сарапшылар мен ҰЕҰ сарапшыларын тарта отырып) *	оқыту курстары, семинарлар, тренингтер	БП (келісім бойынша)	жыл сайын	001 «Қазақстан Республикасындағы заңдар мен заңға тәуелді актілердің тура және біркелкі қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыру» бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде	РБ

Ескертпе: \* Жоспардың 1, 6 - 17, 19 - 20, 22, 25 - 27, 29 - 37-тармақтары Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Мемлекет басшылар кеңесінің 2013 жылғы 25 қазандағы шешімімен бекітілген «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің адам саудасын қарсы күрестегі ынтымақтастығының 2014 - 2018 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес.

\*\* Жоспардың 1 - 5, 7.4, 12, 18, 21, 22 - 24, 28, 30, 33 - 37-тармақтары БҰҰ-ның Құлдықтың себептері мен салдарын қоса алғаш оның қазіргі заманғы түрлері мәселесі бойынша Арнайы баяндамашы Г. Шахиняның 2012 және 2014 жылдары Қазақстан Республикасы сапарының қорытындысы бойынша берілген ұсынымдарға сәйкес.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

МҚІСҚА - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

ЖС - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты

БП - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы

ҰҚК - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті

АҚК - Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі

к о м и с с и я

ІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

ДСӘДМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму

м и н и с т р л і г і

СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

ИДМ - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі

МСМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі  
АҚҰО - Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық  
ВАК - Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Адамдарды заңсыз әкетуге,  
әкелуге және сатуға қарсы күрес мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия  
РБ - р е с п у б л и к а л ы қ б ю д ж е т  
ЖБ - жергілікті бюджет

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК